



Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 желтоқсан N 1912

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігіне 2000 жылға арналған республикалық бюджетте

Z 9 9 0 4 7 3 _

табиғи

және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен "Хабар-2" ұлттық теледидар арнасын материалдық-техникалық жабдықтау үшін 279850000(екі жүз жетпіс тоғыз миллион сегіз жүз елу мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада

Z 9 9 0 3 5 7 _

белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК